

Менің балаларымның анасы, адал жарым Қарашаштың да Жандос ағайға алғысы шексіз. Қарашаш 1996 жылы Абай атындағы Саран педагогикалық училищесін қызылға тамамдап, бірден ҚарМУ-дың екінші курсына қабылданған болатын. Бірден екінші курсқа қабылдану бақыты, сондай керемет мүмкіндік Алланың қалауымен сол жылы ғана болды. Мүмкін біздің отбасымыздың бақытына орай шығар. Қарашаш екінші курсқа қабылданған соң мамандық тандап, белгілі бір топқа бару керек болатын. Оның документін жазды күні собеседованиядан өткеннен соң «Басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі» мамандығын алатын КС-21 тобына тіркеп қойған екен. Ол орыс мектептерінде сабақ бере алмаймын, мені «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі» мамандығына КО-21 тобына ауыстыруыңызды сұраймын деп деканатқа өтініш білдіріп келген екен. Жоғарыда айтқандай сол жылдары Жандос ағай филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарып жүрген болатын. Сол кезде Жандос ағайдың қасында Сағымбай ағамда тұрса керек, мен де осы КС-ты бітіргенмін деп екеуі екі жақтап Қарашашты ақыры КС-те қалуға көндіріпті.

Бұйырған кетпейді дегендей Алланың бұйыруымен екінші курс оқып жүргенде группаға жаңадан қосылған жас қыз, аяғында менің қосағымға айналды. Оқу бітіріп Қарашаш екеуіміз үйленеміз деп шештік. Қарашашты сұрау үшін өтілуге де Шет ауданының Еркіндік ауылына ұстазымыз Жандос ағайды алдыға салып барған болатынбыз. Міне бүгінде біз бақытты отбасы болсақ, ғылымда белгілі бір дәрежеге жетіп жатсақ, бұл игіліктердің басында Жандос ағайдың тұрғанын мақтанышпен айтамыз.

Базарда мың адам бар, әркім өзінің танысына сәлем береді дегендей, өмір мектебінде қаншама ұстаздардан тәлім алып келеміз, алайда біздер үшін Жандос ағайдың орны бір бөлек. Жандос Қожахметұлының әдебиеттану ғылымына әсіресе «Қазақ әдебиеті сынының тарихына» сіңірген еңбегі орасан зор. Жандос ағайдың есімі «Қазақ әдебиеттану ғылымымен» бірге жасай беретініне кәміл сенеміз. Ағамызды алпысқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Алпыстың асқарына шыққан ардақты ағамызға ұлтымыздың ұлы тұлғасы, қадірлі қариясы, абыз ақсақалы атанған ұстазымыз Тұрсынбек Кәкішев секілді ғибратты ғұмыр тілейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы. 1999
2. Смақова А. Алаш әдебиеттануы. Алматы. 2009
3. Смағұлов Ж. Тарихтан тағылым. Зерттеулер. II том. Қарағанды: Арко, 2014.
4. Сыр сандық. Естеліктер жинағы Астана Фолинт 2016
5. Жұмағұлов А. Қазақ әдебиетін дәуірлеу тарихы. Қарағанды, Арко. 2012

### **ӘДЕБИЕТТІ ТАҢУ – ӘЛЕМДІ ТАҢУ! Алпыстың асуына шыққан азаматқа арнау**

*Жұмағали З.Т., ф.ғ.д, профессор,  
Жақан Әлімжан, аға оқытушы,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Ұлт деген – ұлы ұғым. Оның қасиетін түсіну кез келген адамның қолынан келе бермесі анық. Ұлт және ұлттық ерекшеліктерді айта бастасақ, ең бірінші ойымызға тіл оралады. Тіл дегеніміз – сөз. Сөздің өзі әдебиеттің синонимі. Ал, әдебиет – әсем де сырлы дүние. Оны тану бүкіл әлемді білумен бірдей. Осы әдебиеттің ішінде «әдебиеттану» дейтін термин туып-қалыптасқан.

Өткен ғасырдың еншісі болып саналатын бұл сала Алаш ақылманы Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. Ахаңның «Әдебиет танытқыш» деген еңбегінен бастау алып, онан кейін Мұхтар Әуезов, Есмағанбет Ысмайылов, Тұрсынбек Кәкішұлы және басқа да әдебиет ардагерлерінің зерттеу ағысы бүгіндері кең арналы кемелдікке ұласып жатыр.

Халқымызда: «дәстүр жалғастығы», «ұрпақтар сабақтастығы» деп келетін жақсы дәстүр бар. Осындай мақсат – мұратты ұстанып, алдыңғы толқын ағалардың, әдебиеттанушы алыптардың жолын жалғастырып келе жатқан ғалымдарымыздың бірі – қарағандылық Жандос Қожахметұлы Смағұлов.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Жандос Қожахметұлы көп жылдардан бері

әдебиеттану ғылымымен айналысып келеді. Соның нәтижесінде 200-ден аса ғылыми және сын мақалалары, бірнеше оқу-әдістемелік және оқу құралдары, монографиялары жарық көрді.

Атап айтқанда, «Әдеби мұраны игеру проблемалары» (1992), «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» (1995), «А.Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін қалаушы» (1997), «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Тағылымға тағзым» (2005), «Ұлттық әдебиеттану әлемі» (2005), «Ахметтану бастаулары» (2005), «Әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері» (ғұлама ғалым Т.Кәкішұлымен бірге, 2006), «Бата сөздердің тағылымдық табиғаты» (2009), «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы» (2012-2014), «Әдебиеттану әдіснамасы» (2014), «Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылымизерттеуді ұйымдастыру мен жоспарлау» (2014), «Тарихтан тағылым» (ғылыми-зерттеу мақалалар жинағы, 2014), т.б. толымды туындылары әр түрлі баспалардан басылып шықты. Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасының мәселелерін арқау еткен біліми еңбек пен ғылыми тер, індеткен ізденіс 1993 жылы «Қазақтың әдеби мұрасын игеру проблемалары» деген тақырыпта кандидаттық, 2009 жылы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» дейтін докторлық диссертацияларын қорғатты. Бұған қоса, талай жылғы тынымсыз еңбектің арқасында 2011 жылы Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИН) академигі атанып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылдың «Жоғары оқу орындары үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын жеңіп алды.

Біздің бүгінгі қарастырып отырғанымыз, зерделі ғалымның «Ұлттық әдебиеттану әлемі» атты еңбегі. 2005 жылы Қарағандыдағы «Болашақ-Баспадан» 500 данамен жарық көрген бұл монография қазақ әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу кезеңдері жайында сыр шертеді.

Жауапты редакторы – Халықаралық жоғары мектептер Ғылым Академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Тұрсынбек Кәкішұлы. Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистрлер мен аспиранттарға, қазақ әдебиеттану ғылымы мен сынының тарихын зерттеушілерге арналыпты.

Автор қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы туралы, ұлттық ғылыми- зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы ояна бастаған кезеңінен бастап жүйелі түрде қарастырып, қазақ әдебиеттануының туу, қалыптасу дәуірлерін ғылыми тұрғыда саралайды. Ұлттық әдебиеттанудың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасу жолындағы ізденістері мен іркілістері, жетістігі мен кемшіліктері және әдіснамалық қадамдарына дұрыс көзқарас, жанаша баға берілген. Тоталитарлық- әміршіл жүйенің тигізген зардаптары тарихи тұрғыдан пайымдалыпты.

328 бетті қамтитын көлемді дүние кіріспе, негізгі үш бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған.

Бірінші бөлім- «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи негіздері» делініп, ол іштей: «ҮІ- ХІҮ ғасырлардағы ғылыми таным - білік арналары» және «Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің алғашқы бастаулары» деп жіктелген.

Екінші бөлім - «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі (1900-1940 жж.)» деп аталып, ол әрі қарай: «XX ғасыр басындағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікір ізденістері», «Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау проблемасы», «1920-1930 жылдардағы әдеби-теориялық ой-пікір» дейтін үш тараушаға бөлінген.

Үшінші бөлім – «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары» болып, тағы да: «1940-1955 жылдардағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің дамуы мен дағдарысы», «1956-1970 жылдардағы қазақ әдебиеттануындағы ізденістер мен іркілістер» деп тарқатылған.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін ғалымның өзін сөйлетіп көрейік: «Бұл- қазақ әдебиеттану ғылымының тарихын жан-жақты зерттеуге арналған алғашқы қадамдардың бірі. Бұрын ғылыми тұрғыда зерттеу нысанасына толық алына қойған жоқ. Сол себептен де болар, оның тарихи қалыптасу жолы түрлі кезеңдерге жіктелініп, әр дәуірдің өзіндік басты кескін-келбеті, ізденістері мен іркілістері, жетістіктері мен кемшіліктері біртұтас жүйеде сараланған жоқ. Зерттеуде ұлттық ғылыми- зерттеушілік ой-пікірдің ояну, жетілу, өркендеу ерекшеліктерін ескере отырып, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, қалыптасу кезеңін айқындауда дәуірге бөлген өз жобамызды ұсындық. Онда кезінде еуропацентристік көзқарасқа сүйенген маркстік-лениндік әдіснама мүмкіндік бермеген, оны арқау еткен ұлттық нигилистер жоққа шығарумен келген қазақ әдебиеттану ғылымының арғы бастауларынан (истоки) бері жүйелеуді негізге алдық. Қазақ халқына да ортақ көне түркі жазба ескерткіштерінен бастап ХХ ғасырға дейінгі уақыт аралығы қазақ әдебиеттану ғылымының тарихи

алғышарттардан тұратын тарих алдындағы дәуірі ретінде алынды. Ал ұлттық ғылым ретінде туу кезеңі- 1900-1940 жылдар, қалыптасу дәуірі – 1941-1970 жылдар аралығында өтті деген жүйені дәлелдеуге ұмтылдық».

Расында да, ішкі мазмұны салмақты, мән-мағынаға толы бұл туынды тым тереңнен тамыр тартыпты. Көне дәуірден күні бүгінге дейінгі аласапыран уақытты алақанға салып алдымызға алып келгендей. Ұлттық әдебиеттану әлеміне қатысты керекті деректердің бәрін де осыдан табасыз. Елі мен келешек ұрпақ үшін құрбан болған асыл азаматтарды да, оларға қарсы топырақ шашқан шала сауатты, қызылкөз, әңгүдік әдебиетшілерді де кездестіресіз. Тарихи шындықты таразыға тарта отырып, рет-ретімен, жүйе-жүйесімен желіге түйіп, ұлттық әдебиеттану әлемінің тұтас та ғажап панорамасын жасап шыққан.

Егер тере берсек, жетістігі жетерлік бұл зерттеу еңбектің ең басты екі ерекшелігін айта кетейік.

Біріншісі – сол бір алмағайып замандағы «қызылға құмар бұғаулы қоғамның» өзінен де шөліркеп тұрып шындықты іздеуі, екіншісі –Алаштың аймаңдай арыстары секілді таза қанды ұлтшылдығы. Кітаптың атауынан басталған ұлттық иіс оның өн бойынан аңқып тұр. Бізге керегі де осы!

Осындай ұлттық рух пен тарихи шындықты биік көтерген тың туындылар көбейе берсе екен деп тілейміз.

Сөз соңында айтарымыз, әдебиетке келген әр адам ұзақ жолға жүк арқалаған жолаушы секілді. Алыс сапар алқынтса да, иықтағы құнды затын тастамайды. Ол зілмауыр заттың аты – жауапкершілік.

Белгілі ақын Мұхтар Шаханов: «Айтарың болмаса, әдебиеттен әрі жүр», - деп кесіп айтыпты. Көңілге қонатын сөз. Ал ХХ ғасырдың ғұламалары Шолохов пен Қабдолов: «Әдебиет – ардың ісі», - деп ақиқатын айтады. Қалай айтсақ та, сөз өнерінің адамзат өміріне, қоршаған ортаға, қоғамдар қозғалысына тигізер ықпал-әсері жеткілікті.

Ендеше, осынау қиындығы мен жауапкершілігі қабат өрілген әдебиет майданындағы жауынгер жігіт ағасының өзіндік айтары, ұлтымызға лайық ары, жас ұрпаққа берер нәрі әлі де бар екен. Біз осыған қуандық.

Биылғы 2016 жыл – Жандос Қожахметұлының 60 жасқа толған мерейлі кезеңі. «Алпыс – тал түс», - депті бір қаламгер. Тауып айтқан. Иә, өз өмірінің шаңқай түсінде ат үстінде жортып келе жатқан Жәкеңе ұлттық ғылымға бергеніңіз қандай көп болса, ендігі береріңіз де сондай мол болсын деген ізгі тілегімізді білдіреміз. Алла тағала, Сізге, мықты денсаулық, отбасыңызға амандық – бақыт сыйлап, ғұмырыңыз ұзара берсін!

## Ж.Қ.СМАҒҰЛОВ ЖӘНЕ АНТИКА МЕН КӨНЕ ДӘУІР КЕЗЕҢІНДЕГІ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Имангазинов М.М., ф.ғ.д., профессор,  
Садырова А.Т., докторант,  
Илияс Жансүгіров атындағы  
Жетісу мемлекеттік университеті  
Талдықорған қаласы*

Профессор Ж.Қ.Смағұлов әдебиеттану мәселелерінің ішінде ХХ ғасыр әдебиеті мен антика және көне дәуір кезеңіндегі рухани мұраларға ден қойып, оның ішіндегі мифологияға қатысты өзінің ой-пікірін ортаға салады.

Миф дегеніміздің өзі – әдебиеттің бастау бұлағындағы халықтық мұра. Халық арасындағы мифология туысқандық-қауымдастықтың идеологиясы болып табылады. Ертеде мифтік шығармалардың халық арасында маңызы өте зор болған.«Мифтік білімнің алғышарты - барлық қозғалыстағы тірі жандар мен тірі жан деп саналатын - жан-жануарлар, өсімдіктер, теңіз, аспан әлемі, т.б. – жеке күш ретінде қабылдап, оларға адамдарға тән әрекеттерді, қасиеттерді дарыту»[1, 16].

Алғашқы адамдардың мифологиялық шығармашылығы әңгіме түрінде де, өлең түрінде де дамыған. Олар өздерінің көптеген ерекшеліктерімен қазіргі фольклорлық ертегілерді еске түсіреді. Көне халықтық ертегілерінің көп үлгілері біздің кезімізге жеткен жоқ. Дамыған қоғамда балалардың